

Облыс әкімиятының 2006 жылғы 20 маусымдағы N 167 "Атырау облысында тұратын Ұлы Отан соғысының және Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына санаторий-курорттық емделу үшін жеңілдік беру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2007 жылғы 9 шілдедегі N 171 қаулысы. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 18 шілдеде N 2496 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 2011 жылғы 28 шілдедегі N 219 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 2011.07.28 N 219 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" және 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Облыс әкімиятының 2006 жылғы 20 маусымдағы N 167 "Атырау облысында тұратын Ұлы Отан соғысының және Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына санаторий-курорттық емделу үшін жеңілдік беру туралы" (Атырау облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 10 шілдеде N 2468 тіркелген, 2006 жылғы 29 шілдедегі N 90 облыстық "Атырау" және "Прикаспийская коммуна" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

мәтіннің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"Атырау облысында тұратын Ұлы Отан соғысының және Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына, денсаулық жағдайы бойынша мүгедектерге санаторий-курорттық емделуге жеңілдік беру туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Атырау облысында тұратын Ұлы Отан соғысының және Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына, денсаулық жағдайы бойынша мүгедектерге санаторий-курорттық емделуге жеңілдіктер беру туралы ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін".

Жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Атырау облысында тұратын Ұлы Отан соғысының және Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушылары мен мүгедектеріне санаторий-курорттық емделуге жеңілдіктер

б е р у

е р е ж е с і н д е :

тақырыпты қоса алғанда барлық мәтін бойынша "Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушылары мен мүгедектеріне" деген сөздерден кейін "денсаулық жағдайы бойынша мүгедектерге" деген сөздермен толықтырылсын;

4 тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) мүгедектік туралы анықтаманың және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан өзінді көшірмелері."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Қ а й н е н о в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Б. Рысқалиев*